

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі» ММ
«№3 Алға қазақ орта мектебі» КММ
қамқоршылық кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізілген күні: 28.08.2024ж.

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. Қ.Алдабергенов - Қамқоршылық кеңес төрағасы
2. Ж.Давлетова - Кеңес мүшесі
3. А.Уразова – ата-ана
4. М.Тажибекова - «Жұлдыз» газеті тілшісі
5. Р.Оразалин – Алға ауданы ПБ ЖПКБ УПИ полиция мойоры
6. А.Бақбергенова – ИП «Алимырза»

Қатысқандар:

8. Т.Хайтбаев – мектеп директоры
9. Н.Бөлекбай – әлеуметтік педагог
10. С.Есбағамбетова – мектеп мейірбикесі
11. Ж.Қаңтарова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
12. М.Адилова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Күн тәртібінде:

1. №3 Алға қазақ орта мектебінің 2024-2025 оқу жылына дайындығы бойынша жасалған жұмыстар. Баяндамашы: мектеп директоры Т.Хайтбаев
2. «Мектеп жол» акциясының өткізілу барысы. Әлеуметтік жекелеген санаттағы оқушылардың материалдық немесе қаржылай көмек көрсету мақсатында №158 бұйрығы бойынша жүргізілген жұмыстарға талдау жүргізу және жаңа оқу жылында оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы. Баяндамашы: әлеуметтік педагог Н.Бөлекбай
3. 2024-2025 оқу жылында оқушылардың оқулықпен қамтылуы.
4. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 №26 бұйрығын орындау мақсатында оқушылардың мектеп формасын сақтауына талдау жүргізу. Баяндамашы: Директордың тәрбие ісі орынбасары Ж.Қаңтарова

Тыңдалды:

- 1-ші мәселе бойынша №3 Алға қазақ орта мектебінің жаңа оқу жылына дайындығы бойынша алғашқы сөзді мектеп директоры Т.Хайтбаев алды.
- 2-ші мәселе бойынша мектебіміздің әлеуметтік педагогы Бөлекбай Назым сөз алды. 2024 жылдың шілде айының 29-нан бастап қаржылық әлеуметтік көмек алуға өтініштер қабылданды. Оқушыларды оқу жылының басында мектеп формаларын мен оқу құралдарын алуын қолдау мақсатында №158 бұйрыққа сәйкес құжаттар тексеріліп, әр білім алушыға 43407 теңгеден қаржылай көмек тағайындалды. Құжаттарды рәсімдеу кезінде екі санат бойынша 37 отбасының

ішінде 85 оқушы тіркелді. Соның ішінде I санат – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын (АСП) отбасындағы оқушылар саны – 46, II санат – күн көрісі төмен отбасындағы оқушылар саны – 39. Осының ішінде 59 балаға ақша түсіп, киімдерінің чектерінің фотосы жиналып жатыр, қалған 26 балаға енді түседі.

2024 жылдың Қыркүйек айынан бастап мектеп асханасынан ыстық тамақпен 1-4 кластар барлығы тегін тамақтанады. 5-11 кластар I-II санаттағы балалар 45 бала тегін ыстық тамақпен қамтылады.

«Мектепке жол» Республикалық акциясы бойынша Белсенді өмір орталығының басшысы Бақыт Карагулованың қолдауымен белсенді өмір орталығының зейнеткерлері және қызметкерлері 3В, 6А, 2Ә класының 3 қызын бастан- аяқ киіндіріп (мектеп спорт формасы, туфли кроссовка, сөмке) қажетті оқу құралдарымен қамтылды. Сонымен қатар, Алға аудандық Хазірет Мұхаммедказы Меңдіқұлұлы атындағы мешіттің ұйымдастыруымен және Есет Батыр мемориалдық кесененің қаржыландыруымен «Мектепке жол» Республикалық акциясын қолдап 7г, 6г, 1 кластардан 3 ұл балаға сөмке, оқу құралдарын берді.

3-ші мәселе бойынша мектеп кітапханашысы Маштыбаева Г. сөз сөйледі:

Мектеп оқушыларының 2024-2025 оқу жылына оқулықпен қамтылуы 100% дайын. «Мектепке жол» акциясы барысында Болысбаева Алмагүл апай қыз балаларға кітаптар табыстады.

Мектебімізге жаңартылған оқулықтар келіп, 5,6,7 класс оқулықтар жаңартылды. «Алматы кітап» баспасы 2024 жыл мектеп штампы басылып таратылды».

Келесі мәселе бойынша директордың тәрбие орынбасары Ж.Қаңтарова сөз алып, орта білім ұйымдарының мектеп формасы қою көк қыз балаларға арналған тізеден төмен юбка және ұл балаларға арналған мектеп формасы жакет пен шалбар қою көк болуы жайлы мектеп инстаграм парақшасына жарияланды. Сонымен қатар оқушылардың мектеп ережелеріне көңіл бөлу басты назарда екендігі айтылды.

-Сабаққа кешікпеу;

-Кезекші әкімшінің, сынып жетекшінің немесе мейірбекенің рұқсатынсыз сабақтан шықпау;

-Үзіліс кезінде мектеп аумағынан шықпау;

-Оқуға және басқа да сабақтарға саналы түрде қарау, оқу орнында тәртіп сақтау

-Дәлелді себептерсіз сабақтан қалмау

-Мектептің мүлкіне, басқа адамдардың еңбегіне, жасыл желектерге ұқыпты қарау.

Қаулы:

1. №3 Алға қазақ орта мектебінің 2024-2025 оқу жылына дайындығы 100% деп танылсын.
2. «Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтылған отбасының қыз балаларына мектебіміздің ұстазы Темірғалиева Алмагүлдің мектеп формасын тігіп беру ұсынысы жандандырылсын.
3. Оқулық жетіспей тұрған кластарды оқулықтармен қамту максималды түрде қарастырылсын.
4. Білім алушылардың мектеп формасын сақтауы мектептің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес қадағалансын.

Кеңес төрағасы:



К.Алдабергенов

Кеңес хатшысы:



Ж.Қаңтарова